

**ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫҢ ЖИНАҚ ШОТЫН АШУ ЖӘНЕ «Депозит плюс с пополнением» САЛЫМЫНА  
АҚША ОРНАЛАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ (бұдан әрі – «Банктік салым шарты»)**

Шарт №	
Шарт күні	
Клиенттің аты-жөні	
Резиденттігі	
Клиенттің ЖСН	
Жеке басты куәландыратын құжат	
Тіркелген мекенжайы	
Нақты тұрғылықты мекенжайы	
Байланыс телефон нөмірі	

**БАНКТІК САЛЫМДЫ (бұдан әрі - Салым) МЫНАДАЙ ТАЛАПТАРДА ОРНАЛАСТЫРУДЫ СҰРАЙМЫН:**

1. Салым түрі	Жинақ (депозит)
2. Салым валютасы	
3. Салым сомасы	
4. Салымның ең төменгі сомасы	
5. Салымның ең жоғары сомасы	
6. Салым мерзімі	
7. Сыйақы (жылдық %):	
7.1. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі:	
7.2. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі:	
8. Салым бойынша кепілдіктің ең жоғары (шектік) сомасы («Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңында белгіленген сома) <sup>1</sup>	20 миллион теңге (жинақ салымдары бойынша); Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозит (салым) орналастырылған болса, онда барлық депозит (салым) бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ депозиттің (салымның) әрбір түрі бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу шектерін ескере отырып, кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды. Кепілдік берілген өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық соманы ескере отырып, депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасын негізге алып, бірақ Банкті лицензиядан айыру күніндегі «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлейді.
9. Салымды ашу талаптары және толықтыру түрі:	Егер Банктік салым шартының 3-тармағына сәйкес Салым сомасы Банктік салым шарты ашылған күннен кейін келесі күні 21:00 (UTC+5) дейін енгізілмесе, Салым орналастырылмаған, Банктік салым шарты тоқтатылған болып саналады, Жинақ шоты жабылады. Салымның бүкіл мерзімі ішінде Салымға Жарналар енгізуге жол беріледі. Бұл ретте барлық қосымша Жарнаны ескере отырып, Салымның жалпы сомасы Банктік салым шартының 5-тармағына сәйкес салымның ең жоғары сомасынан аспауға тиіс. Әрбір Жарна үшін сыйақы: 1) Жарнаның Салымда болған нақты күндерінің саны үшін дербес есептеледі; 2) осы Банктік салым шартының 7.1-тармақшасында белгіленген сыйақының мөлшерлемесі бойынша есептеледі.
10. Салым сомасын ішінара алу талаптары	Салымның бүкіл мерзімі ішінде Салымнан ішінара ақша алуға жол берілмейді.
11. Мерзімінен бұрын бұзу талаптары	Салымды мерзімінен бұрын қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салымшының талабы келіп түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес және Салым шартында анықталған тәртіппен жүзеге асырылады. Салымшы Салымды мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда Шарт бұзылды деп есептеледі, салым бойынша сыйақы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген «талап етілгенге дейін» мөлшерлемесі бойынша Салымда ақшаның нақты болған күндерінің санына қарай қайта есептеледі.
12. Ағымдағы шот <sup>2</sup>	IBAN _____
13. Жинақ шоты	IBAN _____
14. Сыйақы төлеу тәртібі	Сыйақы ай сайын капиталдандырылады және осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген ағымдағы шотқа салым мерзімінің соңында төленеді.
15. Мерзімін ұзарту шарты <sup>3</sup>	Автоматты түрде ұзарту көзделген/көзделмеген.

<sup>1</sup> Кепілдіктің ең жоғары (шектік) сомасы Салым валютасына сәйкес көрсетіледі

<sup>2</sup> Салымшының атына Банкте ашылған Ағымдағы шот болмаған жағдайда Салымға орналастырылатын ақша валютасында ашылады

<sup>3</sup> Жинақ шотын ашу сәтіндегі Салым бойынша бекітілген шарттарға сәйкес.

16. Салым мерзімі аяқталғаннан кейін салымның негізгі сомасын қайтару тәртібі

Осы Банктік салым шартының 6-тармағында көрсетілген салымның мерзімі аяқталған кезде салымның негізгі сомасы осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген ағымдағы шотқа аударылады

## Осы Банктік салым шартына қол қою арқылы мен

I. «КМФ Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шартына (жеке тұлғаларға арналған), бұдан әрі – Банктік қызмет көрсету шарты, қосыламын және мыналарды растаймын:

1.1. Мен Банктік қызмет көрсету шарты, Кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері және тәртібі туралы хабарлама, Банктің Тарифтері <https://kmf.kz> сілтемесі бойынша Банктің интернет-ресурсында орналастырылғанынан хабардармын, мен осы құжаттармен таныстым, олардың мәтінін түсінемін, олармен толық келісемін және оларды тиісінше орындауға міндеттенемін.

1.2. Банктік салым шарты Банктің Мобильді қосымшада сәйкесінше растауы немесе Банк атынан уәкілетті тұлғаның қол қоюы арқылы әрі қарай акцепттеуі шартында Банктік қызмет көрсету шартымен бірлесе жасалған Банктік шот шарты және Банктік салым шарты болып табылатынын түсінемін.

1.3 Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктік қызмет көрсету шартына, Банк Тарифтеріне өз бетінше өзгерістер енгізуге құқылы екенін білемін. Егер мен Банктік салым шартының, Банктік қызмет көрсету шартының өзгертілген талаптарына, Банк Тарифтеріне келіспесем, осы Банктік салым шартын бұзу тек менің бұзу туралы жазбаша өтінішімнің негізінде жүзеге асырылатынына келісемін. Банк Банктік қызмет көрсету шартының өзгертілген нысанымен, Банк Тарифтерімен және осы Банктік салым шартының талаптарымен келіспеу туралы өтінішімді алмаған жағдайда, бұл менің тиісті жаңа редакцияны қабылдағанымды білдіреді.

II. Мен Банкте теңгемен және шетел валютасымен ашылған Ағымдағы шоттан, өзге де банктік шоттардан аталған банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы мына:

- осы Банктік салым шартының 12-тармағында көрсетілген банктік шоттан ақшаны Жинақ шотына аудару арқылы Салымға орналастыру үшін есептен шығарған жағдайда;

- Банк Тарифтеріне сәйкес Жинақ шотына, Ағымдағы шотқа және олар бойынша жүргізілетін операцияларға банктік қызмет көрсеткені үшін Банктің қызметтеріне ақы төлеуге ақша есептен шығарылған жағдайда;

- кез келген шарттар бойынша, оның ішінде Жинақ шоты, Ағымдағы шот, өзге банктік шоттар бойынша банктік қызмет көрсету үшін және Банк көрсететін өзге қызметтер үшін Банк қызметтерін төлеу бойынша Банк алдында берешек туындаған жағдайда, Банк алдындағы берешек, сондай-ақ Банкпен жасалған шарттар бойынша менің міндеттемелерімнің бұзылуына байланысты Банктің өзге шығыстары мен залалдарының сомалары мөлшерінде;

- Банктік қызмет көрсету шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда ақша алуға (есептен шығаруға) сөзсіз келісімді беремін.

III. Осы арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес «КМФ Банк» АҚ-ға БСН 061240001583 (бұдан әрі - Банк):

- менің биометриялық аутентификациямды СДАО пайдаланып жүргізуге;

- электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін жасауға және электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруге, оның ішінде Банкте жеке келген кезімде алған;

- Банкке және үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк акционерлеріне, үлесгес және Банкпен байланысты өзге де тұлғаларға, Банк серіктестеріне, коллекторлық агенттіктерге, уәкілетті органдарға, құқық қорғау органдарына және өзге де арнайы мемлекеттік органдарға, лауазымды және өзге де уәкілетті тұлғаларға (бірақ олармен шектелмей) қазіргі уақытта және болашақта, сондай-ақ Банк мәміле бойынша қатысушы немесе тарап болатын ұйымға (бұдан әрі – Ұйым), «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ БСН 120940011577, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС БСН 040940002421, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ БСН 971240002115, «КаР-Тел» ЖШС БСН 980540000397 (бұдан әрі бірлесіп және жеке) «Операторлар» деп аталады) менің дербес деректерімді (Клиенттің және заңды өкілінің дербес деректерін) жинауға және өңдеуге өзімнің нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімді беремін, олар соның ішінде мына деректерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жынысы, туған күні, айы, жылы және туған жері; азаматтығы; резиденттігі (резиденттік елі және салық резиденттігі); FATCA белгісі туралы мәліметтер; жария лауазымды тұлға мәртебесінің болуы немесе жария лауазымды тұлғаға қатысы туралы мәліметтер; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжат деректері; кіріс және шығыс төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша төлем деректемелері; ақшаның шығу көзі; менің геолокациям; IP-мекенжайым; ұялы байланыстың абоненттік нөмірі; банктік шот бойынша операциялар жүргізілген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері (сәйкестендіргіштер: IMEI/IMEISV, Device ID, Android ID); ұялы байланыс абоненттік құрылғысының микрофонына қолжетімділік; электрондық банктік қызметтер ұсынылған жағдайда, сондай-ақ қолданыстағы және жабық төлем карталары; ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері және бұрын пайдаланылған ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері туралы мәліметтер; биометриялық деректер; тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері), жұмыс орны туралы мәліметтер; пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірлері; іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты туралы мәліметтер; сәйкестендіру/аутентификация/авторизация үшін пайдаланылатын қолтаңба (өз қолымен және/электрондық-цифрлық), мөрлер, факсимиле, алгоритмдер, кодтар, код сөздері (идентификатор сөздері) немесе сәйкестендіру кодтары және өзге де деректер; фотосурет және бейнекөрініс; білімі, мамандығы туралы мәліметтер; отбасы жағдайы және отбасы құрамы туралы мәліметтер (оның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған балаларының дербес деректері); мүліктік жағдайы, табысы, кредиттік тарихы және берешегі туралы мәліметтер; банк, сақтандыру, салық құпиясын құрайтын мәліметтер, дербес медициналық деректер, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері; кез келген өзге де дербес деректер.

Мен туралы, соның ішінде дербес деректерді және банктік құпияны қамтитын мәліметтерді жинауға және өңдеуге және талаптарға осы келісім жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына жауап беретін дербес деректерді және банктік құпияны қамтитын мәліметтерді, яғни Банк қызметі барысында Банкке белгілі болатын немесе белгілі болған, сауалнамаларды, өтініштерді, шарттарды, Банктің өзге де құжаттарын толтыру барысында мен ұсынған мәліметтерді (бірақ олармен шектелмей) қоса алғанда, электрондық, қағаз нұсқада және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште берілген барлық мәліметтерді 1) Банк Жарғысына және банктік және өзге де операцияларды атқаруға берілген лицензияға сәйкес банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды көрсету/жүргізу, қызметті жүзеге асыру; 2) кез келген шарттарды/мәмілелерді жасау және оларды әрі қарай орындау барысында өзара іс-қимылды жүзеге асыру; 3) Банктің акциялар, сауалнамалар, зерттеулер жүргізуі, көрсетілетін қызметтер, өнімдер туралы, жаңа өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді әзірлеу туралы ақпарат пен ұсыныстар беру; 4) статистикалық есептілікті қалыптастыру, оның ішінде үшінші тұлғаларға ұсыну үшін; 5) алаяқтық, шоттан (шоттардан) ақша ұрлау, өзге де құқыққа қайшы әрекеттер (оқыс оқиғалар) жағдайларын анықтау, болашақта осындай құқыққа қайшы әрекеттердің (оқыс оқиғалардың) алдын алу және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау; 6) тиісті тексеру, сондай-ақ банктік операцияларға қатысты қаржылық мониторинг бойынша шараларды жүзеге асыру; 7) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер мен құжаттар алмасуды жүзеге асыру; 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де мақсаттар үшін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімді танытатынын түсінемін; 9) СДАО пайдаланып биометриялық аутентификация жүргізу мақсатында.

Осы келісім Банктің банктік және өзге де операцияларды/қызметтерді көрсету/жүзеге асыру, сондай-ақ банктік қызмет көрсету шарттарының, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастардың қолданылу кезеңіне және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тиісті құжаттарды/шарттарды және дербес деректерді сақтау кезеңіне берілді. Келісімді мен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті менің дербес деректеріме қатысты кез келген іс-қимылды: қажет болған жағдайда жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңарту, өзгерту), пайдалануды, таратуды (жалпыға қолжетімді дереккөздерден басқа), бұғаттауды, иесіздендіруді, жоюды қоса алғанда (бірақ онымен шектелмей), сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, менің дербес деректеріммен кез келген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға беремін. Осы Банктік салым шарты оны Банк акцептегеннен кейін Мобильді қосымшада «депозит ашу/депозит туралы» қойындыда жарияланады немесе қағазға басып шығарылады және оған клиент және Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды.

<p>Банк деректемелері «КМФ Банк» акционерлік қоғамы Заңды мекенжайы: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50 БСН 061240001583, Тел. +7 (800) 080 58 00; 7474 Эл.мекенжайы: <a href="mailto:info@kmf.kz">info@kmf.kz</a> Интернет-ресурс: <a href="http://www.kmf.kz">www.kmf.kz</a></p> <p>_____/</p> <p>Банктің уәкілетті қызметкерінің аты-жөні МО</p>	<p>Клиент деректемелері Аты-жөні: _____</p> <p>ЖСН: _____</p> <p>Жеке басты куәландыратын құжат № _____, 20__ жылғы «__» _____ берілген, берген орган _____</p> <p>Мекенжайы: _____</p> <p>Эл.мекенжайы/Эл.адрес: _____</p> <p>тел.: _____</p> <p>Қолы _____</p>
---	--